

"Ауылдық білім беру ұйымдарын бітірген тұлғалар үшін Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына қабылдау квотасы белгіленген жоғары арнайы білім беру және бакалавриат мамандықтарының тізбесін және ұлттық бірыңғай тестілеу және кешенді тестілеу жүргізілетін таңдау пәндері мен бейінді пәндер көрсетілген мамандықтар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 14 мамырдағы № 211 және "Арнайы немесе пығармашылық даярлауды талап ететін мамандықтардың тізбесін және арнайы немесе пығармашылық емтихандар өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 153 бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 362 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 маусымда № 11423 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 460 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 13.09.2017 № 460 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

"Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 111 қаулысын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

"Ауылдық білім беру ұйымдарын бітірген тұлғалар үшін Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына қабылдау квотасы белгіленген жоғары арнайы білім беру және бакалавриат мамандықтарының тізбесін және ұлттық бірыңғай тестілеу және кешенді тестілеу жүргізілетін таңдау пәндері мен бейінді пәндер көрсетілген мамандықтар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 14 мамырдағы № 211 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7674 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2012 жылғы 29 мамырдағы № 274 - 278 (27352) санында жарияланған)) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеу және кешенді тестілеу жүргізілетін таңдау пәндері мен бейінді пәндер көрсетілген мамандықтар тізбесінде:

"1. Білім" деген бөлім:

мынадай жолмен толықтырылсын:

"

5B010300	Педагогика және психология*	2 шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
----------	-----------------------------	------------------------	---------------------------

".

"2. Гуманитарлық ғылымдар" деген бөлімде:

"

5B020600	Дінтану	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
----------	---------	------------------	------------------

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

5B020600	Дінтану	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
----------	---------	------------------------	---------------------------

".

Мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"\*өнер саласындағы жоғары оқу орындарының мамандығы";

2. "Арнайы немесе шығармашылық даярлауды талап ететін мамандықтардың тізбесін және арнайы немесе шығармашылық емтихандар өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 153 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8479 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 207-208 (27481-27482) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген арнайы немесе шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар тізбесінде:

"Арнайы дайындықты талап ететін мамандықтар" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"

Коды	Мамандықтардың атаулары
	Арнайы дайындықты талап ететін мамандықтар
5B010300	Педагогика және психология*
5B010400	Бастапқы әскери дайындық
5B010800	Дене шынықтыру және спорт
5B021500	Исламтану
5B020600	Дінтану

”;

Мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

”\*өнер саласындағы жоғары оқу орындарының мамандығы”;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Арнайы немесе шығармашылық емтихандарды өткізу қағидаларының қосымшасында:

”Арнайы дайындықты талап ететін мамандықтар” деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

”

Коды	Мамандықтардың атаулары	Бірінші шығармашылық емтихан	Екінші шығармашылық емтихан
1	2	3	4
Арнайы дайындықты талап ететін мамандықтар			
5B010300	Педагогика және психология*	Музыкалық аспапта жеке орындаушылық	Музыкалық білім берудегі педагогика және психология бойынша сұрақтар – ауызша
5B010400	Бастапқы әскери дайындық	Спорт түрлері бойынша нормативтер	Спорт ойындары
5B010800	Дене шынықтыру және спорт	Мамандану бойынша нормативтер	Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер
5B020600	Дінтану	Кәсіпке жарамдығын анықтау үшін әңгімелесу	Дін негіздері бойынша ауызша емтихан
5B021500	Исламтану	Кәсіпке жарамдығын анықтау үшін әңгімелесу	Ислам негіздері бойынша ауызша емтихан

”;

Мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

”\*өнер саласындағы жоғары оқу орындарының мамандығы”;

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, халықаралық ынтымақтастық департаменті (С.С. Ысмағұлова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

А. Сәрінжіпов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК